

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ

ТОГАЙБАЕВА А.К. , АБИЛЯШЕВА А.М. *

Тогайбаева Айгулден Кадировна – Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: aikat_76@mail.ru, <http://orcid.org/0000-0002-2071-9536>

***Абиляшева Айнұр Махатқызы** – Педагогика ғылымдарының магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: Aabilyasheva@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0001-1156-0615>

Андатпа. Мақалада қазіргі білім беру кеңістігіндегі мектептің орны мен мәні, оның стратегиялық бағыты, атқаратын негізгі қызметтері және жалпы білім беретін ұйымдарды басқарудың заманауи тәсілдері жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында мектепті басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін факторлар талданып, басқару қызметін ұйымдастыруға қатысты эмпирикалық деректерге негізделген қорытындылар жасалған. Сонымен қатар қазіргі заман талаптарына сәйкес мектеп басшысының басқарушылық қызметін жетілдіруге арналған практикалық ұсыныстар жүйеленіп берілген.

Қоғам тарапынан мектепке қойылатын талаптар әлеуметтік-экономикалық дамудың жаһандық үдерістерімен тығыз байланысты түрде үнемі өзгеріп отырады. Осыған орай қазіргі мектептің басты міндеті – жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда өзіндік көзқарасы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, дербес тұлғаны тәрбиелеу және дамыту болып табылады. Бұл мақсат білім беру ұйымдарын басқару жүйесін түбегейлі жаңғыртуды, оқушының өзін-өзі дамытуы мен дербес әрекетіне қолайлы жағдай жасауды талап етеді. Аталған үдеріс жаңа білім беру саясатын қалыптастыру қажеттілігін айқындап, мектепті басқарудың дәстүрлі статикалық моделінен икемді, динамикалық әрі жаңашыл басқару үлгісіне көшуге негіз болды.

Аталған басымдықтар аясында еліміздің білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуі заңды құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл өз кезегінде білім беруді интернационалдандыру бағыттарын айқындауды, халықаралық тәжірибелерді саралап қолдануды, жаһандық білім беру үрдістері туралы жан-жақты ақпараттануды және білім берудегі жаһандану жағдайында ұлттық ұстанымды нақты айқындауды талап етеді. Сонымен бірге білім беру саласындағы инновациялық модельдерге саналы әрі теңгерімді көзқарас қалыптастырудың маңызы ерекше екені негізделеді.

Түйін сөздер: қазіргі мектеп, мектепті басқару нысаны, басқару функциялары, сауалнама нәтижелері, заманауи басқару тәсілдеріне негізделген ұсыныстар.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану және интеграциялық үдерістер жағдайында білім беру жүйесін тиімді басқару мәселесі білім сапасына қойылатын заманауи талаптармен тығыз байланысты болып отыр. Осы талаптар басқарудың дәстүрлі үлгілерінен гөрі икемді, нәтижеге бағдарланған және ғылыми негізделген басқару жүйелерін айқындауды қажет етеді. Бұл тұрғыда мектеп жалпы білім беру жүйесінің негізгі буыны ретінде қарастырылып, тұлғаның зияткерлік, әлеуметтік және кәсіби тұрғыда қалыптасуына ықпал ететін жетекші институт қызметін атқарады.

Қазақстан қоғамындағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени өзгерістер білім беру саласының әдіснамалық негіздеріне, стратегиялық бағыттарына, мақсаттары мен мазмұнына жаңа талаптар жүктеуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби тұрғыда жетілдіруге қажетті жағдай жасау екені атап көрсетілген [1, 9]. Бұл талаптар білім беру ұйымдарын басқару үдерісін жаңаша қарастыруды өзекті етеді.

Қазіргі жағдайда білім беру ұйымдарын басқарудағы негізгі проблемалардың бірі – мектепті басқарудың тұтас әрі әмбебап теориясының толық қалыптаспауы. Басқару қызметі

педагогикалық, әдістемелік және ұйымдастырушылық сипаттағы түрлі алқалық нысандар арқылы жүзеге асырылады. Олардың қатарына педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, консилиумдар, семинарлар, жас мұғалімдер мектебі, озық педагогикалық тәжірибені тарату аландары, психологиялық-педагогикалық диагностика топтары мен шығармашылық шеберханалар жатады. Аталған құрылымдар тұрақты немесе уақытша сипатқа ие болып, әртүрлі мәртебе мен өкілеттілікке негізделі отырып, мектептің басқару міндеттерін кешенді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулерде мектепті басқару мәселесі көпқырлы аспектіде қарастырылған. Ю.А. Конаржевский мектеп басшысының қызметі тек оқушылар мен мұғалімдердің әрекетін бақылаумен шектелмейтінін дәлелдеп, басқаруды күрделі педагогикалық-психологиялық жүйені реттеуге бағытталған кәсіби қызмет ретінде сипаттайды. Ғалымның пікірінше, қазіргі мектеп – үнемі даму үстіндегі әлеуметтік-педагогикалық жүйе, ал басқару үдерісі оның ішкі құрылымындағы түрлі топтар мен бірлестіктердің өзара байланысын, бірлескен әрекеттерін және жеке тұлғалардың мақсатты қызметін үйлестіруді көздейді [2, 37].

Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдау білім беру жүйесіндегі басқару мәселелерінің отандық ғылымда да жан-жақты зерттеліп келе жатқанын көрсетеді. Атап айтқанда, Н.А. Абишев білім беру саласындағы басқару субъектілерінің өзара қарым-қатынасы мәселелерін қарастырса, Е.Ш. Қозыбаев қазіргі заманғы жоғары оқу орындарын басқарудың ерекшеліктерін талдайды [3, 10]. Болашақ мектеп басшыларын даярлау мәселесіне арналған зерттеулерде басқарушылық қызметке қойылатын талаптар педагогикалық және психологиялық біліммен ғана шектелмей, ұжымдағы қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыру, басқару үдерісін талдау, реттеу және болжау қабілеттерімен тығыз байланысты екені көрсетіледі.

Қазақстанның білім беру жүйесін дамытуда әлемдік тәжірибені зерделеудің маңызы ерекше. Әлемдік әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі сипаттамаларының бірі болып табылатын жаһандану үдерісі ұлттық білім беру жүйелерінің жаңаша бағытта дамуын талап етеді. Осы тұрғыда Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануы объективті әрі заңды үдеріс ретінде қарастырылады. Бұл үдеріс ұлттық білім беру жүйесін әлемдік әлеуметтік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қалыптастырып, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді [4, 86].

Қазіргі заманғы мектеп – өзара тығыз байланыста әрекет ететін көптеген компоненттерден тұратын күрделі жүйе. Ол білім алушылардың, оларды оқытып-тәрбиелейтін педагогтердің, мектеп әкімшілігінің, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісін қамтамасыз ететін қызметкерлердің бірлескен іс-әрекеті мен материалдық-техникалық базаның жиынтығы ретінде сипатталады [5, 153].

Мектепті басқарудың нысаны – оның барлық құрылымдық элементтерін қамтитын тұтас жүйе. Ал басқарудың тәжірибелік нысаны ретінде мектеп ұжымы, пәндік бірлестіктер, шығармашылық топтар, үйірмелер және жеке субъектілердің іс-әрекеті алынады [6, 15].

Мектепті басқарудың негізгі міндеттері мыналарды қамтиды:

- әлеуметтік-педагогикалық үдерістің жай-күйіне кешенді талдау жүргізу;
- білім беру үдерісінің мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын және оны жүзеге асыру мүмкіндіктерін айқындау;
- үдерістің даму бағытын болжау және жоспарлау;
- басқару функцияларын іске асыруды ұйымдастыру;
- басқару технологияларын іріктеу және жобалау;
- басқару субъектілерінің функционалдық міндеттерін нақты бөлу;
- басқару шешімдерін тәжірибеде жүзеге асыру;
- педагогикалық ұжымды нәтижелі әлеуметтік-педагогикалық қызметке бағыттау [8].

Кесте 1. Мектепті басқару функцияларының жіктелуі

Ғалымдар	Жіктелуі
П.И.Третьяков	1. ақпараттық талдау; 2. уәждеу-мақсаттық; 3. жоспарлы-болжамдық; 4. ұйымдастырушылық-атқарушы; 5. бақылау-диагностикалық; 6. реттеу-түзету
А.М.Моисеев	1. Мектептің тұрақты қызмет етуін қолдау функциялары; 2. Мектеп дамуының және инновациялық үдерістерімен басқарудың функциялары; 3. Мектепшілік басқаруды және өз бетімен дамуды басқару функциялары.
А.М.Новиков	1. Халыққа білім беру қызметтерін көрсететін сыртқы, негізгі түрі; 2. Оның үздіксіздігін және дамуын қамтамасыз ететін ішкі, қосалқы түрі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазіргі кезеңде педагогика ғылымында тұтас педагогикалық үдерісті басқару мәселесін ғылыми тұрғыдан зерделеу, оны жүйелі түрде сипаттау және теориялық-әдіснамалық негізде түсіндіруге бағытталған зерттеулердің маңызы артып келеді. Бұл үрдіс білім беру ұйымдарын басқарудың тиімді тетіктерін анықтауға, басқару қызметінің мазмұны мен құрылымын ғылыми тұрғыдан негіздеуге деген қажеттілікпен тікелей байланысты.

Жалпы басқару ұғымы белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған, басқару нысанын ұйымдастыру, бақылау, реттеу және алынған объективті ақпарат негізінде талдау жүргізу арқылы шешім қабылдауды көздейтін кешенді үдеріс ретінде қарастырылады [8, 12]. Осы тұрғыда жүргізілген зерттеу жұмысының алға қойған міндеттерін жүзеге асыруда жалпы білім беру жүйесін басқаруды тиімді ұйымдастыру мүмкіндіктерін айқындау негізгі әдіснамалық шарттардың бірі ретінде анықталды.

Зерттеудің эмпирикалық кезеңінде анықтау эксперименті жүргізіліп, зерттеу базасы ретінде Токмансай орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі алынды. Эксперимент барысында мектепшілік бақылау жүйесінің жоспары талданып, оның қолданыстағы стандарттық талаптарға сәйкестігі сарапталды. Мектепшілік бақылау жоспарының негізгі бағыттары ретінде құқықтық-нормативтік құжаттардың орындалуы, мектеп құжаттамасының жүргізілу сапасы, дарынды білім алушылармен жұмыс, ҰБТ мен ОЖСБ-ға дайындық деңгейі, сондай-ақ пәндердің оқытылу жағдайы қамтылды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде мектепшілік бақылау қызметінің құрылымы мен мазмұны басқару жүйесінің негізгі элементтерімен өзара байланыста жүзеге асырылатыны анықталды. Осыған байланысты анықтау экспериментінің бастапқы кезеңінде С.Ахметбекова әзірлеген сауалнама негізге алынып, басқару қызметіндегі заманауи функцияларды қолдану деңгейін айқындауға бағытталған диагностикалық жұмыс жүргізілді [9, 21].

Сауалнама «Басқару қызметіндегі жеке тәжірибеңізде ұсынылған қандай функцияларды қолданасыз?» деген сұрақты қамтып, алты ықтимал жауап нұсқасы ұсынылды. Әрбір жауап үш деңгейлік көрсеткіш арқылы нақтылай отырып бағаланды. Алынған нәтижелер мектеп басшыларының басқару қызметінде қолданатын функцияларының басым бағыттарын анықтауға, сондай-ақ басқару тәжірибесін жетілдірудің өзекті тұстарын белгілеуге мүмкіндік берді.




Сурет 1. Анықтау эксперименті кезеңінде «Басқару қызметінде жеке тәжірибеңізде Сіз ұсынылған қандай функцияларды қолданасыз» атты сауалнама нәтижесінде алынған көрсеткіштер бойынша диаграмма

Аталған көрсеткіштердің жиынтығы зерттеу жұмысының анықтау кезеңінде мектепшілік бақылау жоспары негізінде жүзеге асырылып отырған басқарушылық іс-әрекеттердің бірізді әрі жүйелі сипатта жүргізіліп жатқанын дәлелдейді. Бұл өз кезегінде зерттеу нысанындағы басқару қызметінің жоспарлы және мақсатты түрде ұйымдастырылғанын көрсетеді.

Сонымен қатар зерттеліп отырған білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарында төмендегідей негізгі бағыттардың қамтылғаны анықталды:

- I. «Білім туралы» Заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;
- II. Басқару қызметін ұйымдастыру (әкімшілік кеңестер, педагогикалық кеңестер, директор жанындағы кеңес, директор орынбасарлары жанындағы кеңестер);
- III. Мектепшілік бақылау жүйесін жүзеге асыру;
- IV. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру;
- V. Тәрбие жұмысының мазмұны мен тиімділігін арттыру;
- VI. Ата-аналармен және жұртшылықпен өзара ынтымақтастықты дамыту;
- VII. Психологиялық-педагогикалық қолдау және әлеуметтік педагог қызметін үйлестіру;
- VIII. Мектеп кітапханасының оқу-тәрбие үдерісін қамтамасыз етудегі қызметі;
- IX. Санитарлық-ағартушылық жұмыстар мен салауатты өмір салтын қалыптастыру шаралары;
- X. Қаржы-шаруашылық қызметін жоспарлау және жүзеге асыру.

Осы бағыттарға сәйкес С. Ахметбекова ұсынған мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктерін анықтауға арналған әдістемелік құрал негізінде «Білім беруді басқарудағы көшбасшылықты қалай қалыптастыруға болады?» атты сауалнама қолданылды. Аталған сауалнама нәтижелері мектеп жағдайында басқару көшбасшылығын дамыту деңгейін айқындауға мүмкіндік беріп, басқару қызметін жетілдіруге бағытталған нақты көрсеткіштердің қалыптасуына негіз болды.



Сурет 2. «Білім беруді басқарудағы көшбасшылықты қалай қалыптастыруға болады» сауалнамасы бойынша көрсеткіштер диаграммасы

Аталған көрсеткіштер орта білім беру жүйесін басқару үдерісінде педагогикалық және психологиялық сипаттағы бірқатар өзіне тән ерекшеліктердің бар екенін айқындады. Атап айтқанда, жалпы білім беретін мектепті басқарудың жаңа мәртебесі жағдайында оқу-тәрбие жүйесін тиімді құрылымдау қажеттілігі алдыңғы қатарға шығады. Сонымен бірге оқу-тәрбие үдерісінің күрделене түсуі басқару қызметіне қойылатын талаптарды арттыра түседі. Бұл күрделілік білім алушылардың білімін бағалаудың жаңартылған жүйесі (БЖБ, ТЖБ), өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, білім ресурстарын дербес іздеу, қоғамдық және тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау сияқты көпқырлы міндеттермен сипатталады.

Жалпы білім беретін мектепті басқарудың әртүрлі аспектілерінің, оның мазмұнының, жеке қажеттіліктері мен мақсаттарының толық немесе ішінара сәйкес келуі, сондай-ақ оқу мотивациясынан еңбек мотивациясына біртіндеп ауысу үдерісі басқару мен ұйымдастыру барысында басшылардан жоғары деңгейдегі психологиялық дайындықты талап етеді. Бұл жағдай басқару субъектілерінің тұлғалық, коммуникативтік және көшбасшылық қабілеттерінің маңызын арттырады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері келесі қалыптастыру кезеңінде жүзеге асырылатын іс-шаралардың негізгі міндеттерін нақты айқындауға мүмкіндік берді. Басқару қызметінің тиімділігін талдау барысында М. Марков ұсынған басқару қызметінің бес сатылы үлгісі теориялық негіз ретінде алынды. Аталған модель төмендегі кезеңдерді қамтиды:

1. мәселені сезіну және мақсаттарды айқындау;
2. жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ақпаратты жинақтау және өңдеу;
3. басқарушылық шешімдерді қалыптастыруға бағытталған ақпаратты трансформациялау;
4. қабылданған шешімдерді іске асыруды ұйымдастыру;
5. қол жеткізілген нәтижелерді талдау, қорытындылау және бағалау.

Зерттеу базасы болып табылатын білім беру ұйымының басқару құрылымына жүргізілген талдау көрсеткендей, басқару қызметінде аталған сатылардың екінші, үшінші және бесінші кезеңдері ішінара қолданылған. Ал басқару қызметінің барлық бес сатысы толық қамтылмағандықтан, басқару үдерісінің жалпы тиімділігі төмендегені анықталды. Мәселен, нақты проблеманың алдын ала айқындалмауы қажетті ақпаратты жүйелі жинақтауға кедергі келтірген. Соның салдарынан ақпаратты өңдеу мен трансформациялау жеткілікті деңгейде жүзеге аспай, қабылданған басқарушылық шешімдердің орындалуын ұйымдастыру тиімсіз сипат алған.

Нәтижесінде алынған қорытындыларды талдау және бағалау үдерісі жүйелі түрде іске асырылмаған.

Осыған байланысты М. Марковтың басқару қызметінің бес сатылы моделін басшылыққа ала отырып, оны мектепті басқару тәжірибесіне толық енгізу жөнінде ұсыныс жасалды. Бұған дейін мектептің педагогикалық ұжымына оқыту мен оқуды сапалы ұйымдастыру мақсатында тәжірибеге өзгерістер енгізу және оның нәтижесін бақылау міндеті жүктелген болатын. Осы үдеріс аясында мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктері кеңейтілді.

Зерттеу барысында педагогикалық ұжым мүшелері үшін BilimLand платформасы негізінде төрт Gmail тобы құрылып, бөлінген көшбасшылық қағидаты арқылы түсіндіру, қолдау және тәжірибеге енгізу жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар ZOOM платформасы арқылы өткізілетін жоспарлы педагогикалық кеңестерге дайындық кезеңінде міндеттерді бөлінген көшбасшылық негізінде жүзеге асырудың тиімділігі дәлелденді. Бұл тәжірибе мектепті басқару үдерісінде цифрлық технологияларды тиімді қолданудың оң нәтижесін көрсетті.

Мектеп әкімшілігінің мүшелері аталған Gmail топтары аясында онлайн форматта шеберлік сабақтарын ұйымдастырып, оларды педагогикалық тәжірибеге енгізу ұсынысын қолдады. Нәтижесінде ұсынылған басқару моделі мектепті басқару тәжірибесінде оң шешімін тауып, педагогикалық ұжымның кәсіби өзара әрекеттестігін арттыруға мүмкіндік берді.

Кесте 2. Біздің тарапымыздан заманауи мектеп басшысының басқару қызметіне ұсыныстар

Басқарудың дәстүрлі жалпы функциялары	Заманауи функцияларды пайдаланып берілген ұсыныстар
Педагогикалық талдау	Аудит Оқушылар, ата аналар, қызметкерлер пікірлерінің триангуляциясы негізіндегі өзіндік талдау, өзіндік бағалау
	Басымдықтарды белгілеу Стратегиялық бейнеде өзгерістерді ойластыру
Мақсатты тұжырымдау	Smart мақсат қою (мақсаттар нақты уақытымен белгіленген, шынайы, қолжетімді, өлшенеді)
Жоспарлау	Іс әрекетті жоспарлау Табыс критерийін келісу
	Іске асыру тәсілдерін жоспарлау Іс-шаралар кешені
Ұйымдастыру	Іс-шараларды іске асыру
Бақылау	Үдерісті қадағалау, кеңес беру
	Ісіне берілгендерді ынталандыру және қолдау

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, жалпы білім беретін мектепті басқару білім беру ұйымы басшысының жетекшілігімен жүзеге асатын, мақсатты түрде ұйымдастырылған әрі тұрақты сипатқа ие көпқұрамды басқару құрылымының кәсіби қызметі екені айқындалды. Аталған басқару құрылымы екі немесе одан да көп субъектілердің өзара үйлестірілген іс-әрекетіне негізделіп, білім беру ұйымының ағымдағы қызметінің тиімділігін қамтамасыз етумен қатар, оның ұзақ мерзімді стратегиялық дамуын жүзеге асыруға бағдарланады.

Мектепті басқарудың басты мақсаты – білім беру ұйымының қызметінің барлық негізгі

бағыттары бойынша тиімді басқаруды жүзеге асыру, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру және оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Осы тұрғыда басқару қызметі білім беру жүйесін интернационалдандыру бағыттарын айқындауда, әлемдік білім беру кеңістігіндегі заманауи үрдістерді зерделеуде және жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйесінің өзіндік ұстанымын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Сонымен қатар білім беру саласындағы инновациялық модельдерге саналы әрі сараланған көзқарас таныту, олардың тиімді элементтерін мектеп тәжірибесіне мақсатты түрде енгізу қажеттілігі негізделді. Бұл өз кезегінде басқару жүйесінің икемділігін арттырып, білім беру ұйымының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері мектепті басқарудың заманауи үлгілерін жетілдіруде теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды қорытындылар жасауға негіз болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Панышина Т.В., Айтпаева Ж.Ж. Педагогикалық менеджмент: Оқулық. – Алматы, 2012. – 248 б.
2. Әлқожаева Н.С. Педагогикалық менеджмент: оқу құралы. – Алматы, 2009. -120 б.
3. Абилова Б.А., Найманбаева К.К., Султанбаева Л.У. Вопросы организации управления образованием в условиях перехода на 12-летнее обучение // Менеджмент в образовании. – 2013. - №2 (69). – с. 9-11.
4. Лукпанов Г.Л. Внедрение науки как основа развития современной школы [Текст]: учеб. пособие/ Алматы: Респ. изд. каб. Каз. акад. образования им. Ы.Алтынсарина, 2000
5. Медынский В.Г. Инновационный менеджмент: учебник. – М.: НИЦ ИНФРА-М, 2013. – 295 с.
6. Сенько Ю.В. Гуманитарные основы педагогического образования: учеб. пособие/ Рос. акад. образования, МПСУ. –М.: [Изд-во МПСУ], 2015. – 252 с.
7. Козыбаев Е.Ш. Взаимосвязь эффективности управленческой деятельности и качества педагогического процесса // Менеджмент в образовании. – 2005. - №3. 35-37 с.
8. Умирбекова Ж.Б. Организационно-педагогические основы менеджмента в образовании в условиях глобализации современного общества: автореф. д.пед.н.: 13.00.01. – Атырау., 2010, - 24 с.
9. Зюзюкина Н.Ю. Основы педагогического менеджмента в условиях частной общеобразовательной школы [Текст]: автореферат дис. канд. пед. наук: 13.00.01: защищена 21.12.2005/ Каз. нац. пед. ун-т им. Абая. – Алматы, 2005. – 27 с.

References

1. Panshina T. V., Aitpaeva J. J. Pedagogikalyq menedjment: oqý. - Almaty, 2012. – 248 b.
2. Álqojaeva N.S. Pedagogikalyq menedjment: oqý quraly. - Almaty, 2009. -120 b.
3. Ábilova B.A., Naimanbaeva K. K., Sýltanbaeva L.Ý. Voprosy organizatsii ýpravleniia obrazovaniem v ýsloviiah perehoda na 12-letnee obýchenie // Menedjment v obrazovanii. – 2013. - №2 (69). – s. 9-11.
4. Lýkpanov G.L. Vnedrenie nauky kak osnova razvitiia sovremennoi shkoly [Tekst]: ýcheb. posobie/ Almaty: Resp. izd. kab. Kaz. akad. obrazovaniia im. Y.Altynsarina, 2000
5. Medynskii V.G. Innovatsionnyi menedjment: ýchebnik. – M.: NITs INFRA-M, 2013. – 295 s.
6. Senko Iý.V. Gýmanitarnye osnovy pedagogicheskogo obrazovaniia: ýcheb. posobie/ Iý.V.Senko; Ros. akad. obrazovaniia, MPSÝ. –M.: [Izd-vo MPSÝ], 2015. – 252 s.
7. Kozybaev E.Sh. Vzaimosviiaz effektivnosti ýpravlencheskoi deiatelnosti i kachestva pedagogicheskogo protsesssa // Menedjment v obrazovanii. – 2005. - №3. 35-37 s.
8. Ýmirbekova J.B. Organizatsionno-pedagogicheskie osnovy menedjmenta v obrazovanii v

9. Zyuzyukina N.YU. Osnovy pedagogicheskogo menedzhmenta v ucloviyah chactnoj obshcheobpazovatel'noj shkoly [Tekct]: avtopefepat dic. kand. ped. nauk: 13.00.01: zashchishchena 21.12.2005/ Kaz. nac. ped. un-t im. Abaya. – Almaty, 2005. – 27 c.

НОВЫЕ ПАРАДИГМЫ УПРАВЛЕНИЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛОЙ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

ТОГАЙБАЕВА А.К. , АБИЛЯШЕВА А.М. * 

Тогайбаева Айгулден Кадировна – Кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Актөбе, Казахстан

E-mail: aikat_76@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2071-9536>

***Абиляшева Айнуp Махаткызы** – Магистр педагогических наук, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Актөбе, Казахстан

E-mail: Aabilyasheva@zhubanov.edu.kz <https://orcid.org/0009-0001-1156-0615>

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются место и роль школы в современном образовательном пространстве, её стратегические ориентиры, основные функции и современные подходы к управлению общеобразовательными организациями. В ходе исследования проанализированы факторы, способствующие повышению эффективности системы управления школой, и на основе эмпирических данных сформулированы обоснованные выводы, касающиеся организации управленческой деятельности. Кроме того, систематизированы практические рекомендации, направленные на совершенствование управленческой деятельности руководителя школы в соответствии с требованиями современного этапа развития образования.

Требования общества к школе постоянно изменяются в зависимости от глобальных социально-экономических процессов. В связи с этим основной задачей современной школы является воспитание и развитие самостоятельной, конкурентоспособной личности, способной к адаптации в новых социально-экономических условиях. Достижение данной цели предполагает необходимость глубокого обновления системы управления образовательными организациями, создания условий для саморазвития и самостоятельной деятельности обучающихся. Указанные изменения обусловили формирование новой образовательной политики и переход от традиционной статической модели управления школой к гибкой, динамичной и инновационно ориентированной модели.

В контексте обозначенных приоритетов интеграция национальной системы образования в мировое образовательное пространство рассматривается как закономерный процесс. Это, в свою очередь, требует определения направлений интернационализации образования, осмысленного использования международного опыта, осведомлённости о современных мировых образовательных тенденциях, а также выработки собственной позиции в условиях глобализации образования. Особо подчёркивается значимость взвешенного и осознанного отношения к внедрению инновационных моделей в сфере образования.

Ключевые слова: современная школа, управление школой, функции управления, результаты анкетирования, современные управленческие подходы.

NEW PARADIGMS OF GENERAL EDUCATION SCHOOL MANAGEMENT IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION

TOGAIBAYEVA A.K. , ABILYASHEVA A.M. * 

Togaibayeva Aigulden Kadirovna – Candidate of pedagogical sciences, associate professor, Aktobe regional university named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: aikat_76@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2071-9536>

***Abilyasheva Ainur Mahatkyzy** - Master of pedagogical sciences, Aktobe regional university named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: Aabilyasheva@zhubanov.edu.kz <https://orcid.org/0009-0001-1156-0615>

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of the role and significance of schools within the contemporary educational environment, their strategic orientations, key functions, and modern approaches to the management

of general education institutions. The study examines factors that contribute to improving the effectiveness of school management systems, and, based on empirical data, presents well-grounded conclusions regarding the organization of managerial activities. In addition, practical recommendations aimed at enhancing the managerial performance of school leaders in accordance with current educational demands are systematized.

Societal expectations toward schools are continuously transforming in response to global socio-economic processes. In this context, the primary objective of the modern school is to educate and develop an independent, competitive individual capable of functioning effectively in new socio-economic conditions. Achieving this objective necessitates a fundamental modernization of educational management systems and the creation of conditions that support learners' self-development and independent activity. These changes have led to the formation of a new educational policy and the transition from a traditional static school management model to a flexible, dynamic, and innovation-oriented framework.

Within this context, the integration of the national education system into the global educational space is viewed as a natural and objective process. This integration requires the identification of key directions for educational internationalization, thoughtful adoption of international best practices, awareness of global educational trends, and the articulation of a national stance in the context of educational globalization. Particular emphasis is placed on the importance of a balanced and reflective approach to the implementation of innovative educational models.

Key words: modern school, school management, management functions, survey results, contemporary management approaches.